

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

**Баланы балабақшаға бейімдеу жолдары .**ЖАРИЯЛАНДЫ  
19.11.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/85250/>

- 1.Ф.И.О – Айбекова Ботакөз Наушаевна
- 2.Жұмыс орны : № 39 «Меруерт » балабақшасы
3. Лауазымы: — Музыка жетекшісі
- 4.Қала – Нұр Сұлтан қаласы.
- 5.Тақырыбы : **Баланы балабақшаға бейімдеу жолдары .**

**Баяндама****Тақырыбы :** Баланы балабақшаға бейімдеу жолдары .

Балабақша – баланың жаңа өмірге деген алғашқы қадамы. Мамандардың айтуынша баланың балабақшаға бару өте маңызды. Балабақшада тәрбиеленген бала мектепке баруға ғана дайындалып қоймай , психологиялық әлеуметтік тұрғыдан да дайындалады. Балабақшаға бейімделу кезеңі әр балада әр алуан сипатта өтеді.

2-3 жастағы балалар үшін балабақшаға бейімделу күрделі құбылыс.Баланың ата -анасының қасына 6-8 сағат болмауы бала үшін де күйзелісті жағдай. Қобалжулары басым ата – аналардың балалары да балабақшаға ауыр деңгейде бейімделеді , өйткені ата -ананың қобалжуы көріп , баланың қорқынышы ұлғая бастайды. Осы кезде ата – ана балаға көмек беруі керек.

Балабақшаға жеңіл деңгейде үйрену. Бала жаңа ортаға бір айдың шамасында бейімделеді. Мұнда бөбектің тамаққа тәбеті бір аптаның ішінде , ұйқысы 1-2аптаның ішінде үйдегі үйреншікті қалпына түседі. Аяқ астынан ауыруға ұшырамайды. Егер

сіздің балаңыз көпшіл , өз жақындарыңызбен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса , ойын кезінде өздігімен ойнай білсе , мінез ашық өз құрдасытарымен мейірімді болса балабақшаға келген күннен бастап -ақ , үйреніп кететініне сеніңіз.

**Балабақшаға орташа деңгейде үйрену.** Баланың ұйқысы мен тамағы 20-40 күн шамасында бұрынғы қалпына келеді. Ай бойы қит етсе көңіл –күй бұзылып , жылай береді. Алайда , бала уақыт өте келе балабақшада өзін еркін сезіне бастайды.

**Балабақшаға ауыр деңгейде үйрену.** Бала тамақ ішпейді , ұйықтамайды , балалармен және үлкен адамдармен араласудан бас тартады, қоршаған ортаға деген қызығушылығы төмендейді , ойыншықтармен ойнамайды , ойынға қатымспайды.

Тәрбиешіге үнемі көтеріп , не жетектеп жүруді талап етеді. Жүйкесіне жүк түскен сәби ауыруға шалдығады. Психикасы бұзылып , ой- өрісінің дамуы тежелуі мүмкін.

Алғаш балабақшаға барған бала жаңа ортаға бірден бейімделіп кете алмайтындықтан , ата -аналарға бірнеше ақыл -кеңестер ұсынылады.

- Баланы бөгде / таныс емес / адамдармен , үлкендермен, балалармен құрдастарымен қарым –қатынас жасауға бейімдеңіз.
- Балалар саябағына , мерекелерге , ойын алаңдарына үнемі апарып, құммен ойнауға үйретіңіз.
- Анадан баламен бірге балабақшаға маңынан өтуге тырысыңыз , және оған дәл осы балабақшаға баратыныңыздың қандай жақсы болғанын қуана ескертіңіз.
- Тобының қандай әсем болатынын , ондағы ойыншықтардың қандай сүйкімді екеніні , оның балалармен ойнайтынын айтыңыз.
- Осы қуанышты жаңалықты баланың көзінше достарыңызбен және жақындарыңызбен бөлісіңіз.
- Сәбиініңіздің балабақшаға қабылдағанына қуанып тұрғаныңызды айтыңыз. Сөйтіп , балабақшамен тезірек танысуға баланың өз құлшынысы артатындай етіп, оны жағымды арнаға бағыттаныз.
- Балаға ондағы күн тәртібінің қандай болатынын , олардың немен айналысатынын айтыңыз , себебі бала жұмбақ жағдайларға аттанбауы тиіс және өзін не күтіп тұрғанын білуі керек.
- Балабақшаға бірінші күннен бастап кешке дейін қалдырмаған жөн.
- Балабақшаға жаңадан келген балалар алғашқы апдана үш –төрт сағат , одан әрі түске дейін , біртіндеп, балабақшаға күні бойына қалдыруға бейімдеңіз.
- Баламен тез қоштасып үйренініңіз. Қоштасуды созбаңыз. Бала сіздің қобалжығаңызды көріп тынышталуды да ұзаққа созылады.

- Балаңыз сізге сенсін десеңіз , балабақшаға әкеліп , көрінбей қашып кетпеңіз.
- Балаңызға ұнайтын қоштасу рәсімін ойлап табыңыз және оны қатал ұстаңыз.
- Үйдегі жағдайды балаңыз келетін топтың күн тәртібімен бірдей етіп ұйымдастыруға тысыңыз.

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.